

**Л. Әліпбаева, 3-курс**

**Ғылыми жетекшісі: Б. А. Қалиев, қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты**

**(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)**

## **ДИАЛЕКТИЗМНІҢ БАҚ-ТАҒЫ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ**

Диалект сөздер — әдеби тілді жаңа тілдік бірліктермен толықтырып отыратын көздердің бірі. Әсіресе, кәсіпке байланысты жергілікті тілдік ерекшеліктердің бұл тұста қызметі айрықша екенін айта кеткен дұрыс. Осындай қайшылықты көзқарастарды салыстыра отырып, диалект сөздерді әдеби тілге қатысы тұрғысынан екіге бөліп қарастыру дәстүрі бар: «1) слова, засоряющие литературный язык; 2) слова, обогащающие его»<sup>1</sup>.

Диалектінің әдеби тілге тигізер әсері, әдеби тілдегі қолданыс аясы жөнінде қалыптасқан көзқарастар бар. Мәселен, көркем әдебиет стилінде диалектілік элементтер кейіпкер тілінде

образды ашу үшін, оның портретін толыққанды суреттеу үшін қолданылатын тәсіл деп бағаланады. Дәл сондай пікірді газеттің кейбір жанр түрлеріне қатысты да айтуға болады. Мысалы, сұқбат (интервью), репортаж, газеттік фельетон, юмор, сатира тілінде кездескенімен, газетте диалектілердің қолданыс аясы жоққа тән деп саналады. Тілдік элемент ретінде олардың газетте көп қолданылатын жері облыстық, аудандық газеттер болып саналып келді. «Газета — одна из важнейших источников литературной речи. Она не только формирует сознание читателя, его идеологию, его отношение к обществу, к миру, но и язык читателя. Необходимо чтобы язык газеты был действительно примером, образцом литературной речи»,<sup>2</sup> — деп көрсетеді.

Газет тіліндегі диалектизм туралы сөз қозғағанда, оларды қолданудың сан жағына, өскен-өспегендігіне көңіл аударған да орынды. Орталық, республикалық газеттер тілі үнемі тілшілер назарында болатындықтан, іргелі басылымдар тілінде диалектілер аз мөлшерде кездесуінің себебін түсінуге болады. Яғни газеттегі диалектілік сөз қолданыстарының көбеюіне жол бермеу үрдісі сақталып отырды. Академик Ш. Сарыбаев: «Тілді шұбарлайтын сөздер мерзімді баспасөз бетінде де кездеседі. Біз газет-журналдардың біраз нөмірлерін диалектілік ерекшеліктердің қолданылу тұрғысынан қарап шықтық. Қай газет-журналды алып қарасақ, онда бұзып-жарып бара жатқан диалектизмдерді ондай сөздермен шамадан тыс әуестенушілікті кездестіре алмадық»,<sup>3</sup> — дейді. Осы пікір қазір де түбірімен өзгерген жоқ. Алайда бұл газеттерде диалектілік ерекшеліктер мүлдем қолданылмайды деген сөз емес, бірақ жалпы мөлшері мардымсыз деуге болады.

Тіл зерттеушісі Б. Момынова: «Біздіңше, диалектілерге тілдің керексіз элементтері ретінде ғана қарауға болмайды. Керісінше, олар бір кездердегі тіл тарихының куәлары, тарихтың бізге жеткен ізі, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың кәсіби тілінің ерекшеліктері»,<sup>4</sup> — деп есептейді.

Қазіргі мерзімді басылымдар тілінде диалектілерге кейде негізсіз орын беріліп, тіл тазалығына, тіл мәдениетіне нұқсан келіп жатады. Мысалы: түпкі ниеті нұқыл өз төңірегінен аспай, аясы тарыла түссе, оның өзі де әкім емес, әлдекімдей болып шықпай ма? (ЕҚ.); Инвестицияның жалпы мұғдары құрылыс саласында 13,2 пайызды құрайды (ЕҚ.); ... Ауыр кезеңдер тұсында партизан соғысынан қирап-бүлінген емханаларды өз еріктерімен жөндеп, дәрігерге шекті өздері жалдаған (ЖА.); Нақа болмай жатса, нарық сұрауына сай нәпақасын білдіртпей ғана нығыздай салады (ЖА.) т. б. мысалдардағы мұғдар, нақа, шекті, нұқыл сөздері тілдің сәнін келтіріп, нәр беріп тұр деуге болмайды. Әсіресе, республикалық деңгейдегі орталық басылымдар тілі үшін бұл кемшілік болып табылады. Алайда бұл — газеттерде диалектілерді пайдалану үрдіске айналды деген сөз емес.

Газет тілі арқылы қалыптасқан, тілімізге әбден сіңіп, халыққа түсінікті дәрежеге жеткен, әлеуеттілік танытқан диалект сөздердің бірі — егемен сөзі. Орыс тіліндегі свобода, независимость сөздерінің мағынасын тілімізде бұрыннан бар тәуелсіздік лексемасымен ғана атау жетімсіздік танытты. Сондай қажеттіліктің нәтижесінде еге — егемен — егеменді сөздерінің қатары диалектілік элементтерден бірден әдеби тіл нормасына айналды. Қазақ тілінің оңтүстік диалектісінде еге сөзі белгілі бір заттың иесі, қожасы деген мағынада жұмсалады (үй иесі кім?, мына жердің қожасы қайсың? т. б.). Яғни бастапқы ие сөзінің дыбыстық алмасуы нәтижесінде еге — егемен — егеменді сөздері қалыптасты.

Еліміздің әр түкпірінде күнде кездесіп, сол өңірде жиі қолданысқа түсіп жүрген сөздер мен тіркестерге қайсыбіреулердің тосырқай, үрке қарайтыны әлі күнге дейін байқалады. Мұндай қате көзқарастың соншалықты пайда бермесі анық. Қарым-қатынаста еркін жұмсалып жүрген диалектілер есебінен әдеби тілді бірте-бірте толықтыру, өрісін кеңейту сияқты әрекеттің тым асығыстыққа бармай, көбіне ақылмен өлшеп, ойлап пішетін эволюциялық үрдіс екенін есте ұстағанымыз жөн.

Диалектілік ерекшеліктер аудандық, облыстық газеттер тілінде жиі кездескенімен, республикаға танымал басылымдарда олардың қолданыс ауқымы ұлғайған жоқ. Қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалануды диалектілерді қалай болса, солай қолдану деп түсіну — қателікке, тіл тазалығының бұзылуына, газет тілінің оқырманына түсініксіз болуына әкеліп соқтырады. Оларды қажеттілік туған сәтте, әдеби тілде баламасы болмаса, әдеби тілді байытуға әлеуетті болса, батыл қолдану керек<sup>5</sup>.

Сондай-ақ жалпыхалықтық сипаттағы кәсіби сөздерді диалектілік лексикадан ажырата білген жөн. Кәсіпке байланысты сөздердің көпшілігі әр аймақта әдеби тіл деңгейіне көтеріле алмай жүргенімен, олар тіліміз үшін аса қажетті қазына байлық болып табылады. Міне, осындай сөздерді газет-журнал беттерінде жиі қолданысқа түсіру арқылы олардың жалпыхалықтық игілікке айналуына жол ашылады.

<sup>1</sup> Болинджер Д. Истина — проблема лингвистическая // Язык — моделирование социального взаимодействия. — М., 1987. — С. 30-76.

<sup>2</sup> Бұл да сонда.

<sup>3</sup> Сарыбаев Ш. Диалектная лексика как источник обогащения литературного языка // Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер.—Алматы, 1989. 158-6.

<sup>4</sup> Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). — Алматы, 1999. — 200-202-б.

<sup>5</sup> Бұл да сонда.